

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 62 (9380) | 1954 жылғы 22 март Дүйсенбі | Шығуына 35 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Елімізде астық өндіруді онан әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы

Н. С. ХРУЩЕВ жолдастың СОКП Орталық Комитетінің Пленумында 1954 жылғы 23 февральда жасаған баяндамасы

Жолдастар! Совет Одағының Коммунистік партиясы өзінің барлық күшін бейбіт құрылыс ісіне және совет халқының материалдық әл-ауқатын онан әрі арттыру ісіне жұмсап келеді.

Совет өкметі құрылып, Коммунистік партия билеуші партияға айналған алғашқы күндерден бері шаруашылық құрылысының мәселелері партияның ішкі саясатының басты буыны болып келді. Данышпан көсеміміз және ұстазымыз В. И. Лениннің ССР Одағы шаруашылық құрылысының орасан зор халықаралық маңызы туралы нұсқауын партия бәрқашан да есінде сақтап отыр.

1921 жылдың өзінде, халқымыз интервенттерге қарсы күресті аяқтап, бейбіт құрылысқа көшкен кезде, Ленин былай деген болатын: көзіміз біз халықаралық оқылғалардың дамуына өзіміздің шаруашылық саясатымызбен басты ықпалымызды жасап отырмыз. «Бұл бағыттағы жұмысқа, — деді Владимир Ильич, — бүкіл дүние жүзілік көлемдегі күрес арналып отыр. Біз бұл міндетті шешетін болсақ — онда біз халықаралық көлемде сөзсіз және түпкілікті ұтып шығамыз. Сондықтан біздер үшін шаруашылық құрылыс мәселелерінің өте зор маңызы бар».

Бұл сөздер айтылғаннан бері көп жылдар өтті. Совет елі

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қарарларын орындаудың барысы туралы

Жолдастар! Партияның Орталық Комитетінің Пленумы көзіргі жағдайдағы ең маңызды бүкілхалықтық міндетті — социалистік индустрияны мықтап өркендету негізінде таяудағы 2—3 жылдың ішінде еліміздің халқының азық-түлік өнімдері жөніндегі өсіп отырған тілектерін толық қанағаттандыру, жеңіл және тамақ өнеркәсібін шикізатпен қамтамасыз ету міндетін алға қойды.

Пленумнан кейін аз ғана уақыт өтті, сондықтан Пленумның қарарларын орындаудың нақтылы нәтижелері туралы айту әлі ерте. Өткен мезгіл көбінесе ауыл шаруашылығын таяудағы уақытта шұғыл өркендетуге қажетті жағдайлар мен алғы шарттар жасау кезеңі болды. Бұл жағынан алғанда өткен уақыттың ішінде едәуір жұмыс істеді.

Ауыл шаруашылығын өркендету мәселелеріне біздің барлық ұйымдарымыздың, барлық қызметкерлердің назары аударылып отыр. Қадрларымыздың басым көпшілігі алға қойылған міндеттердің шұғыл екенін түсініп, бұл міндеттерді нақты іс жүзінде асыру жолындағы күресті көңінен өрістетуде.

Партия Пленумының қарарларын қала мен деревня еңбекшілерінің арасында түсіндіру жөнінде зор жұмыс істеді. Ал, мұның өзі ұлы іс, өйткені, біздің мемлекетіміз, бұқараның саналылығымен күшті деп үйренген болатын Ленин. Бұқара барлығын да біліп, барлығын да ақылға салатын болғанда ғана ол барлық іске саналылықпен барады.

Партия МТС-тер мен колхоздарды шаруашылыққа баулау

қуатты индустриалы-колхозды социалистік державаға айналды. Біздің ілгері басқан әрбір қадамымыз халықаралық оқылғалардың барысына зор ықпал жасап отыр.

Ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету және халық тұтынатын заттар өндірісін арттыру шаралары туралы СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қарарларын және партия мен үкметтің бұдан кейінгі қаулыларын барлық совет адамдары — жұмысшылар, шаруалар, интеллигенция бірауыздан мақұлдап, қостады. Бұл қарарларға елімізден тыс жерлерде де көптеген үндер қосылды. Халықтық демократия елдерінің еңбекшілері, капиталистік елдердегі миллиондаған қарапайым адамдар бұл қарарларды жеңген социализм елі үшін мақтаныш сезімімен қарсы алуда. Совет Одағында халықтың әл-ауқатын көтеру ісі буржуазиялық елдерде тіпті мүмкін болмайтын дәрежеде іс жүзінде ұйымдастырылып отырғанын бүкіл дүние жүзінің еңбекшілері айқын көруде, өйткені, пролетариатты қайыршыландыру, шаруаларды күйзелту капитализмнің даусыз заңы болып табылады. Совет елі еңбекшілерінің материалдық әл-ауқаты мен мәдени дәрежесінің тынбастап арттырылуы барлық елдердегі адал ниетті адамдардың социалистік құрылыстың капиталистік құрылыстан артықшылықтарын бұрынғыдан анағұрлым толық бағалауына көмектесуде.

Пленумының қарарлары партия жұмысын қайта құруды, партиялық басшылықты колхоз бен совхоз өндірісіне жақындатуды талап етті. Көзіргі МТС жанында аудандық партия комитеттерінің секретарьлары басқаратын нұсқаушылар топтары құрылып отыр, бұл топтар МТС-терде және олардың қамтуындағы колхоздарда партиялық-саяси жұмысты тікелей жүргізуге тиіс.

Сентябрь Пленумының қарарларын жүзеге асыру жолында өрістеген күрес ауыл шаруашылығындағы бірқатар жұмыстарды жүргізуге көзірдің өзінде қолайлы әсерін тигізді. 1953 жылдың күзінде колхоздар мен совхоздарда 13 миллион гектар зияб және 3,5 миллион гектар қара пар 1952 жылдың күзіндегіден артық жыртылды. Күздік дақылдар егісі анағұрлым қысқа мерзімде өткізілді. МТС-тер колхоздарда ауыл шаруашылығы жұмыстарын 1952 жылғыдан 17 процент артық атқарды.

Колхоздар мен колхозшылардың материалдық ынталылығын күшейту жөнінде партия мен үкмет қолданған шаралар мал шаруашылығы, картоп пен оwoң өндіру сыяқты ауыл шаруашылығының маңызды салаларын өркендетуге игілікті әсерін тигізе бастады. Әлі көп уақыт өтпесе де және шаруашылықтың бұл салаларын өркендетудегі зор бетбұрыс туралы айтуға біздің әлі деректеріміз жоқ болса да, дегенмен, бұл салада алға басқандықтың белгілері бар. Мұны мынадай фактіден көруге болады. Өткен жылғы өнімді жинау

Ауыл шаруашылығының еліміз үшін аса зор маңызы бар салаларын неғұрлым тез өркендетуге қажетті жағдайлардың бәрі бізде бар. Әңгіме ең алдымен астық өндіруді арттыру туралы болып отыр.

Н. С. ХРУЩЕВ.

2,4 есе, макарон тағамдары — 3,6 есе артты. Ет өнімдерін сату — 2,3 есе, мал майы мен өсімдік майы — 2 есе дерлік артты. Қант сату — 5,4 есе, сүт өнімдері мен жұмыртқа — 1,7 есе, овош — 1,5 есе және жеміс — 3 еседен аса артты.

Соғысқа дейінгі дәуірмен салыстырғанда халыққа ауыл шаруашылық өнімдерінің сатылуы да едәуір артты.

1953 жылы халыққа 1940 жылғыдан: ет, ет өнімдері мен мал майы — 2,5 есе, сүт және сүт өнімдері — 2 есе дерлік, өсімдік майы мен басқа тамақ майлары, макарон тағамдары мен қант — 2,5 еседен аса, жемістер — 2 еседен аса, овош — 1,5 есе артық сатылды.

Сонымен, егер бұрын совет адамдары көп жағдайда жайпаңды тұтынумен ғана қанағаттануға мәжбүр болып келсе болса, көзіргі олардың тілегі жоғары сортты нандарға барған сайын көбірек ауысуға, қантқа, жеміске, жидекке және жүзімге деген тілек артып келеді. Егер бұрын еңбекшілер мал шаруашылығының өнімдерін тұтынуды текшеуге мәжбүр болып келген болса, көзіргі олардың етті, майды, сүтті, жұмыртқаны көбірек тұтынғандығы мүмкіндігі бар және көбірек тұтынғысы келеді. Ал, бұл өнімдерді өндіру астық шаруашылығын өркендету дәрежесіне байланысты.

Міне сондықтан біздің міндетіміз астық өндіруді үздіксіз арттыра беруді қамтамасыз етуде болып отыр. Еліміз жыл сайын мынадай тілектерді орындауға толық мүмкіндік беретіндей мөлшерде астық жыйнауға тиіс:

біріншіден, бүкіл халықтың нан және басқа нан тағамдары жөніндегі, соның ішінде ұнның ең жақсы сорттарына пісіретін тағамдар жөніндегі өсіп отырған тілектерін толық қанағаттандыру;

екіншіден, әртүрлі күтпеген жағдайларға қажетті астықтың мемлекеттік резервтерін толықтырып отыру; үшіншіден, барлық мал басын дөңді жеммен қамтамасыз ету, мұнысы мал шаруашылығын жедел өркендету мүмкін емес;

төртіншіден, техникалық және басқа астық емес дақылдар өсіруге бейімделіп отырған аудандар тарапынан астыққа қойылатын талаптарды толық қанағаттандыру, ал, техникалық және басқа астық емес дақылдар өндірісі үздіксіз ұлғайтылуға тиіс;

бесіншіден, астық экспортын ұлғайту.

Астық өндірудің осы уақытқа дейінгі дәрежесінің халық шаруашылығының барлық қажетін толық өтемей отырғанын атап айту керек. Колхоздардың мемлекет алдындағы міндеттемелерін орындағаннан кейін өздерінде қалатын астығы қоспағандық шаруашылықтың тілектерін толығымен өтей алмай келеді. Әресе, колхоз мал шаруашылығына қажетті астықтың жеткіліксіз екені сезіліп отыр.

Оның бер жағында, дәл көзіргі уақытта, партия мен үкмет халық тұтынатын заттар өндірісін шұғыл өркендетуді ұйымдастырып отырған кезде, мұның маңызы шарты мал шаруашылығын жедел өркендету болып отырғандықтан, дөңді жемнің

рушы кадрлары да бар. Ауылшаруашылық өндірісінде мамандар мен механизаторлардың орасан зор армиясы жұмыс істейді. Сонымен, бізде жаңа жерлерді игеру үшін барлық мүмкіншіліктер бар.

13 миллион гектар жерді игеру нәтижесінде еліміз не алады?

Егер жаңадан игерілетін жерлердің әр гектарынан 10—11 центнерден ғана астық алынады деп есептейтін болсақ, онда мұның өзі қосымша 800—900 миллион пұт астық береді, оның ішінде товарлы астық 500—600 миллион пұт болады. Сибирь мен Қазақстанның тың және тыңайған жерлерді игерген көптеген колхоздары мен совхоздарының тәжірибесі мұндай жерлерде дөңді дақылдардың шығымдылығы әр гектардан 15 центнерден және онан да көп болатындығын көрсетеді.

Завьялов аудандық партия комитетінің секретары Пивоваров жолда Алтай өлкелік партия конференциясында сөйлеген сөзінде былай деді:

«1953 жылы біздің аудан көлемде көтерілген тың және тыңайған жерлерден 5 мың гектардай көлемде дөңді дақылдар екті, біз сол көлемнің барлық жерінен бидай мен тарыдан ең жоғары өнім алдық. Тельман атындағы колхозда көктемде көтерілген 300 гектар тың жердің әрбір гектарынан 130 пұттан бидай алдық. «Победа Октября» колхозында 120 гектардан 22 центнерден тары алдық».

Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Әрбір гектардан 14—15 центнерден өнім алған жағдайда жаңадан игерілген жерлерден жыйналатын астықтың жалпы түсімі 1 миллиард 100 миллион — 1 миллиард 200 миллион пұт, ал, олардың товарлық бөлегі — 800—900 миллион пұт болуы мүмкін.

Жаңа жерлерде астық өндірісі толық механизандандырылуға тиіс, мұның өзі барлық егіс жұмыстарын қолайлы агротехникалық мерзімдерде және жақсы сапамен жүргізуге мүмкіндік береді.

Дөңді дақылдарға арнап жаңа жерлерді игеру жұмысы көзіргі бар МТС-тер мен совхоздардың күшімен де, сол сыяқты жаңадан ұйымдастырылатын астық совхоздарының күшімен де жүргізіледі. Көзірдің өзінде жаңадан астық совхоздарын ұйымдастыруға жарайтын жерлерді іріктеп алу, сол сыяқты, көзіргі бар совхоздар мен МТС-тердің күшімен жыртуға болатын жерлерді белгілеу жұмыстары басталды. Бұл жұмысты жүргізуде ең алдымен неғұрлым шұрайлы және елді пункттерге таяу қолайлы жерлерді іріктеп алуға ерекше көңіл аударылуы тиіс.

Колхоздарда, елді пункттерден шалғай жатқан учасіттерде тыңайған және тың жерлерді игеру үшін МТС-тердің құрамында екі-төрт трактор бригадасы бар арнаулы трактор отрядтарын құру белгіленуде. Трактор отрядтарын тәжірибелі инженерлер немесе агрономдар басқаруға тиіс.

1954 жылы жаңа жерлерді игеретін аудандардағы машина-трактор станциялары мен совхоздарға 120 мыңнан аса

Елімізде астық өндіруді онан әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы

Н. С. ХРУЩЕВ жолдастың СОКП Орталық Комитетінің Пленумында 1954 жылғы 23 февральда жасаған баяндамасы

(Басы 1-бетте).

Өнеркәсібі өркендеген елі қалың орталық аудандар жаз оwoщтырды, картопты, сүтті, етті және басқа ауылшаруашылық өнімдерін көп мөлшерде керек етеді. Өзен алқаптарын, батпақты және шымтезекті жерлерді игеру нәтижесінде ауылшаруашылық айналымына аса шұрайлы жерлер қосылады, ол жерлерде көптеген оwoщты және басқа дақылдарды қалалар мен өнеркәсіп орталықтарының тікелей жақын іргесінде өсіруге болады.

Айта кету керек, батпақты жерлерді құрғату және өзен алқаптарын игеру жөніндегі жұмыстар әзірше нашар ұйымдастырылып келеді. Жобалар жасауға уақыт көп кетеді. Қолда бар техника бытырап кетеді, ал, арнаулы меліорациялық ұйымдар механизмдермен нашар жабдықталған. Осының салдарынан біз көптеген қаржы жұмсаймыз да, одан тиісті пайда

Егіс көлемдерінің құрылымы және шөптанапты ауыспалы егісті енгізудегі болған қателіктер туралы

Шығыс және басқа аудандарда тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде маңызы орасан зор жұмысты бастай отырып, біз сонымен бірге, өңдеудегі жерлерді неғұрлым дұрыс пайдалану шараларын қолдануға тиістіміз. Мойындай кету керек, егіс көлемінің соңғы жылдар ішінде бізде қалыптасқан құрылымы астық өндірісін ұлғайту міндеттеріне қайшы келеді.

Қолда бар егістік жерлердің дұрыс пайдаланылмайтынына міндеттер көлтірейін.

1940 жылдан 1953 жылға дейінгі кезеңде жалпы егіс көлемі 6,8 миллион гектар көбейген, бұған қарамастан дәнді дақылдар егісінің көлемі 3,8 миллион гектар кеміп кеткен.

Дәнді дақылдар егісінің кеміп кетуі елдің көп аудандарында орын алды. Әсіресе негізгі астықты аудандарда елеулі болды. Мысалы, Украин ССР-інде дәнді дақылдар егісі 1,1 миллион гектар. Поволжье аудандарында—924 мың гектар, орталық қара топырақты облыстарда 713 мың гектар, Солтүстік Кавказ аудандарында 309 мың гектар кеміген.

Бұл нәтиже болды? Мүмкін неғұрлым бағалы техникалық егістердің, сол сыяқты, оwoщ, бақша дақылдары мен картоп егістерінің көлемі ұлғайған болар? Тіпті де олай емес. Бұл дақылдардың жалпы көлемі өзгеріссіз қалған. Оның есесіне жеміштік дақылдардың егіс көлемі 10,6 миллион гектар, мұның ішінде көшпалық шөптердің шабындық көлемі 4,5 миллион гектар көбейген.

Жеміштік дақылдар егісінің ұлғаюы малға керекті жеміш өндірісінің көбеюіне әкеліп соғуға тиісті еді. Шындығында жеміш өндіру азайып кеткен, малдың жемішпен қамтамасыз етілуі қанағаттанғысыз күйде қалып келеді. Бұл түсінікті де, өйткені, жеміш дақылдарының егісін ұлғайту едәуір мөлшерде көшпалық шөптердің егісін көбейту жолымен жүргізілген, ал, мұның өзі Украинаның оңтүстік аудандарындағы, Солтүстік Кавказдың көп аудандарындағы, Поволжьедегі, Сибирьдегі, Оңтүстік Оралдағы және Қазақстанның солтүстік-шығыс аудандарындағы жағдайда әрбір гектардан егін шығымын аз береді, оның үстіне дәнді жемік дақылдардың егісіне қарағанда, жеміштік әлде қайда аз береді.

1952 жылы Совхоздар министрлігі совхоздарында нақты-лық жыйналған астық әр гектардан 10,2 центнерден, яғни дәнді дақылдар егісінің әр гектарынан 1.420 жеміш өлшемі мөлшерінен айналды. Сол жылы совхоздарда көшпалық шөптер егісінен алынған пішеннің орташа шығымдылығы әр гектардан 11 центнерден немесе көшпалық шөптер егісінің әрбір гектарына шаққанда 550 жеміш өлшемі мөлшерінде болды. Сонымен, Совхоздар министрлігінің совхоздары бойынша тұтастай алғанда, көшпалық шөптердің әрбір гектарына тек

көрмейміз. Меліорациялық жұмысты былай жүргізуге болмайтындығы мүлде айқын. Бұл істі жолға қойып, арнаулы машиналармен және механизмдермен жабдықталған қуатты механикалы отрядтар құру керек, сөйтіп, техниканы жыйнақтап пайдалану әдісін қолдана отырып, қысқа мерзім ішінде, жер көлемінде жұмыстың бүкіл комплексін жүзеге асыру керек.

Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Совхоздар министрлігі жергілікті совет органдарының қатысуымен және Ленин атындағы Бүкілодақтық Ауылшаруашылық Ғылым академиясын қатыстыра отырып, жаңадан игерілетін жерлерде шаруашылықты жүргізудің системасын және бұл жерлерді ауылшаруашылық өндірісіне пайдалану тәртібін, сол сыяқты шығыс аудандар мен қара топырақты емес өңірдегі аудандардың колхоздары мен совхоздарында жаңа жерлерді онан әрі игеру шараларын белгілеуге міндетті.

негізсіз болып шықты. Сондықтан шөптанапты ауыспалы егістердің бірқатар ережелеріне елеулі түзету енгізу қажет.

Вильямс —үлкен ғалым. Ол егіншіліктің шөптанапты системасын жасады. Бірақ, кейбір оның ізін қушылар Вильямс негізінен Россияның орталық өңірін зерттегенін, сондықтан оның қорытындылары еліміздің барлық аудандарына, атап айтқанда оңтүстік үшін қолайлы болады деп айтуға болмайтын ескергісі келмейді, ауылшаруашылық мәселелерін түсінетін әрбір адамға мына жағдай айқын болуға тиіс: көшпалық шөптер мен ауыспалы егістерді енгізу, сол сыяқты, жаздық бидайды көтерілген тыңға егу Украинаның далаалы аудандарында және бірқатар басқа облыстарда өзін ақтамайды.

Сибирьлік жолдастар мені дұрыс түсінетін болсын, өйткені, Сибирьде жаздық бидай —басты дақыл ғой. Сибирь, Поволжье аудандарында және кейбір басқа аудандарда жаздық бидай мол өнім береді, сондықтан оны бұл аудандарда барынша өсіру керек. Жоңғарда, мысалы, дымқыл, қара топырақты емес аймақта мол өнімді пішен береді және зығыр үшін ең жақсы алғы дақыл болып табылады. Сондықтан жонына егу ісін көтермелеп отыру керек. Колхоздар мен совхоздар беденен мол өнім алып жүрген аудандарда осы дақылды өндіруге де назар аудару керек.

Демек, егіншіліктің шөптанапты системасы туралы ілімі орынды пайдалану керек, Совет Одағының барлық аудандарына белгілі бір схеманы жалпылама қолдануға болмайды.

Біз Вильямсты және оның ілімін құрметпен келдік және құрметпен отырмыз. Бірақ, біз оның шәкірттеріне мынаны айтамыз: егер Вильямс тірі болса, ол өзінің пінара істерінендей, практикаға, өмірдің тәжірибесіне сүйене отырып, егіншіліктің шөптанапты системасы туралы өз іліміне қажетті түзетулерді әлде қашан енгізген болар еді. Бірақ, мұны, амал қанып, оның шәкірттері және оның жолына түсушілер істемей отыр.

Бұл айтқанымыздай бір ғана қорытынды шығаруға болады: Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Совхоздар министрлігі шөптанапты ауыспалы егісті енгізуде жол берілген қателіктерді мүмкін боларынша тез түзетуі қажет. Көшпалық шөптер аз өнім беріп жүрген аудандарды, Солтүстік Кавказдың, Поволжьедегі, мысалы, Украинаның оңтүстігінде далаалы аудандарында, кейбір басқа аудандарда көшпалық шөп егісін азайту керек, мұның өзі дәнді жем дақылдарының өндірісін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Алдын-ала жасалған есептер бұл аудандардың колхоздары мен совхоздарында дәнді және басқа дақылдардың егісін шамамен 4 миллион гектар

теген колхоздар мен совхоздарда сабанды жыйнау мерзімдері күздің аяғына дейін созылып, мұның өзі мал азығының көп рәсуа болуына әкеліп соқтырады және зиябті мезгілде жұртқа мүмкіндік бермейді.

Немесе тұқым себу нормасын алайық. Егіннен мол өнім алу үшін тұқым нормасын толық себу керек екені жұртқа мәлім. Бірақ, бұл ереже көп ретте бұзылып жүр. Колхоздар мен совхоздар, аудандық партия комитеттері мен аудандық атқару комитеттерінің жол беруі салдарынан, 120—180 килограмм бидайдың орнына өте көп жағдайда 80—90 килограмм ғана себеді, ал мұның өзі егіннің өнімін мықтап азайтады. Картоп егу нормалары бұдан да жиі бұзылып жүр. Тұқым себу нормасын азайту —бұл шынына келгенде өзін-өзі, колхоздарды, совхоздарды және мемлекетті аздағандық болатынын түсінетін уақыт жетті. Тұқым себу нормасын азайту —егіс көлемін азайту, егіннен толық өнім алмау деген сөз.

Егіннің шығымдылығын арттырудың тыңайтқыштан артық неғұрлым тиімді және жедел әсер ететін құралы жоқ екені кімге болса да мәлім, ал, оның бер жағында бұл істе масқара ұқышсыздыққа жол беріліп жүр. Колхоздардың жылына жарты миллиард тоннаға жуық көң және басқа жергілікті тыңайтқыштар дайындай алатыны, мұның шамамен 35 миллион тонна минералдық тыңайтқышқа тең екені есептеіліп шығарылды. Ал, мұның өзі колхоздардың көзгірі уақытта өнеркәсіптен алып отырған тыңайтқышынан бес есе артық.

Жемшөп, техникалық дақылдар өндіруді арттыру туралы және бау шаруашылығы мен жүзім шаруашылығын өркендету туралы

Жаңа жерлерді игеру және егіс көлемінің құрылымын жақсарту есебінен астық өндіруді арттыру таяудағы екі-үш жылдың ішінде жемшөп, техникалық және майлы дақылдар, картоп, оwoщ және жеміс өндіруді едәуір мөлшерде молайтуға мүмкіндік береді.

Ең алдымен жемшөп өндіру мәселелеріне тоқтап өтейін. Соңғы жылдардың ішінде колхоздарда жемшөптік дақылдар егісі анағұрлым ұлғайтылды. Бірақ, бұлардың шығымдылығы төмен болуы салдарынан мұның өзі жемшөптің түсімін арттырмады. Өсіп отырған қоғамдық малдың жемшөппен қамтамасыз етілуі төмендеп кетті.

Қоғамдық мал шаруашылығының жемшөппен қамтамасыз етілуін мықтап арттыру үшін дәнді жем дақылдарының — жүгерінің, сұлының, арпаның егісін ұлғайту, барлық жерде де сүрленетін жүгері мен күнбағыс егісін арттырып, жасыл жемшөп үшін күздік дақылдар егісін кеңінен қолдану қажет; оңтүстікте судан шөпнің, сондай-ақ жемшөптік бақша дақылдарының егісін, неғұрлым ығалды және солтүстік аудандарда аралас сыйыр жоңышқа —сұлы егісін арттыру қажет; жемшөптік тамыржемістер өсірудің агротехникасын жақсартуға, қара топырақты емес өңірде көшпалық шөптер, ең алдымен жоңышқа өсіру ісін жақсартуға көбірек көңіл болу қажет.

Көптеген облыстарда табиғи шабындықтардың үлес салмағы зор. Бұл шабындықтарды үнемі күту, сонымен қатар, меліорациялық шаралар жүргізу, екішөптер, өсірілетін мол өнімді шалғындар жасау жолымен осы шабындықтардың шығымдылығын арттырумен мықтап шұғылдану қажет.

Сүрленетін мол өнімді дақылдар —жүгері мен күнбағыс егісін ұлғайтуға байланысты, жемшөп сүрлейтін мұнаралар салу және іріленгенделген траншеялар қазу жұмысын көп көлемде ұйымдастыру қажет, мұның өзі сүрленген жемшөптің жоғары сапалылығын сақтауға әсерін тигізіп, қысқа уақытта сыйырдан сүтті көп алуды арттыруға жағдай тудырады.

Колхоздарда құнарлы жемшөп қоғамдық мал шаруашылығы

Ал, егістік жерге көпнің жартысынан азы тасылуда. Тыңайтқыш үшін шымтезек мүлде дерлік пайдаланылмайды.

Минералдық тыңайтқыштар әзірше аз өндірілуде. Бірақ, өндіріліп отырған тыңайтқыштың өзі де өте нашар пайдаланылады. Станциялар мен қоймаларда минералдық тыңайтқыштар ашық жерде өзінің сапасын жойып, ұзақ уақыт таудай үйіліп жатыр. Бұған төзуге болмайды.

Ең ақырында, дәнді егіске мал түсіп бүлдіретіні туралы. Қай жерде болса да колхоздардың күздік егістерінде бүкіл күз бойы мал мен күс жабылып бағылады. Мұның өзі егіске орны толмайтын зиян келтіретінін жұрттың бәрі жақсы біледі, бірақ, біле тура осы төзуге болмайтын жағдайға төзіп, үндемей отыра береді. Бұл мәселе жөнінде де үкметтің нұсқауы керек пе екен?

Егісті қорғауға, тыңайтқыштарды дұрыс пайдалануға, тұқым себу нормаларын сақтауға, барлық ауылшаруашылық жұмыстарын белгіленген мерзімдерде жүргізуге колхоздардың басқармалары мен бригадирлердің қатаң жауапкершілігін орнату керек.

Жолдастар! Елімізде астық өндіруді арттыру және жаңа жерлерді игеру міндеті біздің алдымызға халық шаруашылық зор маңызы бар шұғыл міндет ретінде қойылып отыр. Бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асыру халықтың азық-түлікпен, ал, жеміс өнеркәсіптің шикізатпен қамтамасыз етілуін бұрынғыдан да жоғары дәрежеге көтеруге мүмкіндік береді.

Жасыл жемшөпке керекті жемшөп дақылдары егісін ұлғайтып, өнімді малды қорғау —лагерде күтіп-бағу әдісін анағұрлым қажырлылықпен енгізіп, көкшөп көнвейерін қолдану керек.

Техникалық дақылдарға тоқталамын. Мақта шаруашылығы саласындағы табыстар анағұрлым елеулі. Колхоздарда суарма-лы жерлердегі мақта-егісін көлемі 1953 жылы, 1940 жылмен салыстырғанда, 315 мың гектар артты, ал оның шығымдылығы осы уақыттың ішінде әр гектардан 6,8 центнер артып, 20,3 центнер шитті мақтаға жетті. Колхоздар суармалы жерлерде өсірілген шитті мақтаны мемлекетке 19 жылғыдан 82 процент артық тапсырды.

Бірақ, мақта шаруашылығын өркендету қарқынды өнеркәсіптің шикізат жөнінде үздіксіз өсіп отырған тілектерін әлі қанағаттандырмай келеді. Жер суару жүйелері бар, пайдаланылмай жатқан жерлерді ауылшаруашылық айналымына қосу шитті мақта өндіруді арттырудың зор резерві болып табылады. Кәзіргі уақытта Орта Азияның, Закавказьедегі мақта егін аудандарында және Оңтүстік Қазақстанда 900 мың гектардан аса осындай жерлер бар.

Жуырда ССРО Министрлер Советі мен партияның Орталық Комитеті Өзбек ССР-інде мақта өндіруді едәуір арттыру туралы Өзбекстан Компартиясының Орталық Комитеті мен республикалық Министрлер Советі әзірлеген қаулыны қабылдады. Республикалардың мұндай инициативасын қолдан отыру керек. Талаудағы уақытта мақта егетін басқа республикаларда да мақта өндіруді арттыру жөнінде шаралар белгілеген жөн болады.

Мақтаны жіңішкелеп, кеңкізетін және шаршы-ұялап егу әдістері жөнінде бірқатар салыстыру тәжірибелерін жүргізу керек. Украинада мақтаны шаршы-ұялап егу жөнінде, рас, шамалы егіс көлемінде, тәжірибе жасалды, бұған көңіл бөлуге әбден болады. Ұялардың арасы 65x65 сантиметр етіліп, бір ұяда бірнеше өсімдіктен шымтезек-пірінді құмыраларына көшетпен отырғызылған мақтадан гектар есебімен

